

DOI 10.52260/2304-7216.2021.3(44).1
ЭОЖ 332.135
FTAMP 06.61.43

Д.М. Турекулова*, э.ғ.д., профессор¹
Б.Т. Бейсенғалиев, э.ғ.д., профессор¹
К.Н. Оразбаева, т.ғ.д., профессор¹
Г.С. Еркулова, э.ғ.к., доцент²
Қазақ экономика, қаржы және
халықаралық сауда университеті¹
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті²
Ақтау қ., Қазақстан
* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
e-mail: dametken.t@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУДА КЛАСТЕРЛІК ТӘСІЛДЕМЕНІҢ МАҢЫЗЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Ғылыми мақалада Қазақстан экономикасын жаһандандыру жағдайында дамыту үшін кластерлік тәсілдемені қолданудың маңыздылығы мен болашағы қарастырылған. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде қазіргі нарықтық экономикада, әр сала мен аймақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында өндірістік кластерлер құру қажеттігі негізделген. Қазақстанның мұнайлы аймағы Атырау өңірінде, республиканың экономикасына үлкен үлес қосып отырған мұнай-газ саласын ары қарай дамытып, әртараптандыру үшін мұнай химиясы кластерін құру аса маңызды екені анықталды және негізделді.

Жұмыста Қазақстанның мұнай химиясын қалыптастыру мен дамытуға негіз болатын мұнай өңдеу және химия кәсіпорындары, Атырау облысында мұнай химиясы кластерін құруға қажетті ресурстары талданды, күтімді нәтижелері бойынша негізгі көрсеткіштер мен мұнай химиясы кластерінің тиімді жұмысы үшін жүзеге асырылуы тиіс шаралары анықталды және Атырау аймағында мұнай химиясы кластерін қалыптастыру мүмкіндігі негізделіп, экономикалық тиімділікке жетудің факторлар тобы анықталды.

Кластерлік стратегияны және экономикалық бәсекеге қабілеттілігін толықтай жүзеге асыру үшін импортты ауыстыру кезеңінен мұнай химиясы саласын кең көлемде инвестициялау және мұнай химиясы кластерін қалыптастыру мен дамытуға бағытталған үкімет саясаты қажеттілігі тұжырымдалды. Мұнай химиясы саласын дамыту үшін Атырау облысында инновациялық кәсіпкерлікті жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін отандық және шетелдік ғылыми потенциалды бағыттау мен қолдану қажеттілігі көрсетілді.

Кілт сөздер: кластер, кластерлік тәсілдеме, өндірістік кластер, бәсекеге қабілеттік, әртараптандыру, аймақтық экономика, мұнай-газ саласы, мұнай химиясы, Атырау аймағы, инновация.

Ключевые слова: кластер, кластерный подход, производственный кластер, конкурентоспособность, диверсификация, региональная экономика, нефтегазовая промышленность, нефтехимия, Атырауская область, инновация.

Keywords: cluster, cluster approach, production cluster, competitiveness, diversification, regional economy, oil and gas industry, petrochemistry, Atyrau region, innovation.

JEL classification: F 15, L-71

Кіріспе. Қазақстан Республикасының экономикасының қарқынды дамуының алғышарттарының бірі экономиканы диверсификациялау, яғни әртараптандыру болып табылады. Бүгінгі таңда еліміздің әр аймақтарында кластерлік тәсілдеме арқылы түрлі салаларды тиімді басқаруымен дамыту қарастырылып, түрлі шаралар іске асырылуда. Мысалы, еліміздің оңтүстік аймақтарында мақта-мата кластерін, ал батыс аймақтарында мұнай-газ, соның ішінде мұнай химиясы кластерін қалыптастырып дамыту жоспарлары қабылданып, жүзеге асырылуда [1]. Қазіргі жағдайда еліміздің экономикасының қозғаушы күші мұнай-газ саласы екені елбасымен атап көрсетілген болатын. Осыған байланысты бұл зерттеу жұмысы мұнай-газ саласын әртараптандыру, мұнай химиясы кластерін құрып, дамыту сұрақтарын зерттеуге арналған.

Дамыған елдердің тәжірибесінен мұнай-газ саласының маңызды құрушысының бірі, экономиканы әртараптандырудың тиімді жолы мұнай өңдеу тереңдігін арттыру арқылы мұнай химиясы өндірісін дамыту екені анық. Сондықтан, бірінші кезекте ақырғы өнімдерді экспортқа шығаруға бағытталған өндірістерді, атап айтқанда мұнайды терең өңдеу мен мұнай химиясын қалыптастырып дамыту аса өзекті мәселе және міндет болып табылатынын атап көрсетуге болады.

Мұнай химиясы саласының қалыптасуы тек мұнай-газ кешені ғана емес, сондай-ақ Қазақстанның басқа да көптеген өнеркәсіптерінің дамуына негіз бола алатынын атап өткен жөн. Сондықтан, елімізде мұнай химиясы саласын қалыптастырып, дамытуға бағытталған зерттеулер аса өзекті болып саналады. Осыған байланысты бұл зерттеу жұмысында Қазақстанда, атап айтқанда мұнайлы өлке Атырау аймағында мұнай химиясын ғылыми негізделген кластерлік жолмен дамыту мәселелері мен болашағын талдау зерттеу мақсаты ретінде алынған.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі негізгі зерттеу міндеттері анықталып, шешіледі:

- Қазақстанның мұнай химиясын қалыптастыру мен дамытуға негіз болатын мұнай өңдеу және химия кәсіпорындарын талдау;

- Атырау облысында мұнай химиясы кластерін құруға қажетті ресурстарды және күтімді нәтижелері бойынша негізгі көрсеткіштерді анықтау;

- Атырау аймағында мұнай химиясы кластерін қалыптастыру мүмкіндігін негіздеу және экономикалық тиімділікке жетудің факторлар тобын анықтау.

Зерттеу міндеттерін жүзеге асыру барысында бұл жұмыста сәйкес мемлекеттік бағдарламалар мен өндірістік кәсіпорындар жайлы материалдар мен деректер қолданылады. Зерттеу барысында экономикалық талдау, өндірістік кластерлік тәсілдеме зерттеу тәсілдері ретінде пайдаланылады.

Әдебиеттік шолу. Заманауи экономика жағдайында өндіріс пен капиталды жаһандандыру тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттігін арттыруға алып келеді. Осының салдарынан кластер тұжырымдамасы теориялық түсінігі негізінде жаңа экономикалық құбылыс пайда болды. Кластер мазмұны [1, 2] жұмыстарында қойылған мақсатты жүзеге асыру және белгілі функциялар орындау үшін жеке элементтерді біртұтас жүйеге біріктіру идеясына негізделіп тұжырымдалған.

Экономикадағы кластерлеу аймақтың, оның қазба байлықтары мен басқа да ресурстары негізінде бәсекеге қабілеттігін арттырудың негізгі факторы болып табылатыны [2, 3, 4] жұмыстарында зерттелген. Кластер ұғымына келесідей анықтама беруге болады: «Кластер – өндірістің бір саласына жататын және бір-біріне жақын орналасып, байланыса жұмыс жасайтын кәсіпорындар тобы». Мысалы, өндірістік кластер [5, 6] жұмыстарында келесідей тұжырымдалған: өзара әрекет

ететін сатып алушы-жеткізуші немесе өндіруші-тұтынушы ретінде байланысқан, сондай-ақ ортақ технология, ортақ еңбек нәтижелерін алу немесе тарату арқылы байланысқан салалар қатары. Аймақтық кластер – бұл кластерге қатысатын кәсіпорындар территориялық жағынан бір-біріне жақын орналасқан өндірістік кластер болып табылады [7, 8].

ҚР Үкіметі жасақтаған барлық салалар мен экономика бағыттарын үдемелі дамыту бағдарламаларында алдағы жылдары жүзеге асырылуы тиіс шаралардың негізгілеріне өңдеу өндірістерін әртараптандыру жатады. Бұл бағдарламалар аясында Атырау облысында біріктірілген мұнай химиясын, мұнай химиясы кластерін құру және дамыту ерекше орын алатыны [7, 9] мақаласында зерттелген.

Экономиканың нақты секторында инновациялық әзірлемелерді ендіру, мұнай химиясы кластерін қалыптастыру, ресурс және энерго үнемдеу технологияларын дамыту арқылы мұнай-газ секторында іргелес, байланысты өндірістерінде қосымша құны жоғары өнімдерді шығару жоспарланған [3]. Бұл маңызды жоспарларды жүзеге асыру үшін экономика, технология, экология және басқа да пәнаралық зерттеулер жүргізіп, ғылыми негізделген шешімдер қабылдау қажет.

Негізгі бөлім (талдау, нәтижелер, талқылау). Сарапшылардың бағалауы бойынша бүгін Қазақстанда мұнай химиясының табысты дамуына қажетті барлық құрастырушылар бар: зор шикізат қоры, салыстырмалы алғанда арзан электр энергиясы, мұнай химиясы кешенін қалыптастыруға ыңғайлы кең аумақ және белгілі бір деңгейде дамыған инфрақұрылымы. Мұнай бағасына әсер ететін факторлар [10], т.б. жұмыстарда зерттелген. Отандық мұнай өңдеу зауыттары (МӨЗ) қосынды өндірістік қуаты жылына 18-20 млн тонна мұнайды өңдеуге және 10 млн тонна автомобиль және дизель отындарын өндіруге

жетеді. Қазақстандағы газ өңдеу зауыттары (ГӨЗ) жобалық қосынды өңдеу қуаты жылына 6,25 млрд текше метр газды құрайды.

Бұларға қосымша Қазақстанда бірқатар мұнай химиясы кәсіпорындары: пластмасс зауыты, «Полипропилен» зауыты «Саранрезеңкетехника», «ИнтерКомШина», т.б. қалпына келтірілді. 20 жылдан астам бұрын негізі қаланған бұл кәсіпорындар полистирол, полипропилен, резеңкетехникалық бұйымдар, шина өнімдерін шығара алады. Атырауда «Шеврон Мұнайгаз Инк.» компаниясының полиэтилен құбырларын шығаратын зауыты іске қосылды, оның қуаттылығы 7 мың метр тонна пластмассалық құбыр.

Қазақстанда мұнай химиясы өнеркәсібін дамыту бағдарламасында қосылған құны жоғары өнімдерді өндіру үшін жаңа мұнай химиясы өндірістерін салу және қолданыстағы мұнай химиясы кәсіпорындарын қайта жаңарту мен модернизациялау қарастырылған. Отандық мұнай химиясы саласын аймақтық кластер түрінде дамыту ұйғарылуда. Кластерге кіретін фирмалар нарыққа автономды, дербес өндірушілер ретінде емес, техника мен ортақ қор және ресурстарды біріге қолдануға қатысты өзара байланысқан желілердің шаруашылық субъектілері ретінде шығады. Кластер экономикалық орта сапасы мен бәсекелестік және кооперация арасындағы үйлесімді қамтамасыз ететін аймақтық дамуға мүмкіндік береді [11].

Атырау облысы территориясында мұнай мен газ қорларының топталғаны арқасында мұнай химиясы кластерін құру басталған республиканың перспективті аймағы болып табылады. Кластерлердің сипатты белгілерін жіктеу және зерттеу олардың әр елде түрлі екендігін көрсетеді, бірақ жалпы алғанда, Атырау облысында мұнай химиясы кластерін құру үшін бар ресурстары және күтімді нәтижелері бойынша келесі негізгі көрсеткіштерді атауға болады:

- кластердің даму перспективасын және оның структурасын іштей және сырттай зерттеу жүргізуге жеткілікті мүмкіндіктер мен ресурстар;

- кластер өнеркәсібінің ішкі еңбек ресурстары мен еңбек потенциалының даму мүмкіндігі;

- көмірсутек шикізатын және басқа материалдық ресурстарды жеткізушілердің жақындығы;

- кластерге қатысушылардың меншікті капиталының барлығы;

- инновацияға және қызметкерлерді оқытудың жоғары потенциалды мүмкіндіктері.

Барлық кластерлер үшін ең маңызды көрсеткіш арнаулы жұмыс күшінің барлығы болып табылады. Сондықтан арнаулы жұмыс күші кластер құрудың басты шарты болып саналады. Кластердің табысты жұмыс істеуі үшін қажетті маңызды факторлардың бірі – оны құруда аймақ басшыларының белсенді қатысуы және инвестициялар тарту үшін жағдайдың жасалуы. Кластер құру үшін оны құрушылардың қолдауы, ал оның мүшелері өздерінің бірігу мақсатын түсінуін көрсете білуі қажет. Мұнай химиясы кластерін құрудың негізгі мақсаты – еліміздің табиғат байлығын, мұнай өндіру және мұнай өңдеу кәсіпорындарының орналасуын қолдана отырып, Қазақстанның мұнай химиясы кешенінің, оның өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оларды әлемдік нарыққа шығару, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі әсерінің тиімділігін арттыру.

Қазақстан территориясында мұнай химиясы кластерін өндіруге байланысты, мұнайды терең өңдеу өндірісі қарқын алады, ол өз кезегінде химия өндірісінің өнімдерін өндіру динамикасын өсіреді. Химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру мен оған деген сұраныстың артуы мен бұл саланың да негізгі салалар ретінде даму мүмкіншіліктерін көрсетеді. Елімізде көмірсутектер шикізаттарын өндірудің артуына

байланысты жұмыс жасап тұрған газ өңдеу зауыттарының қуаттылығы алынған газды толықтай өңдеуге жеткіліксіз, сондықтан құрамындағы этандық фракциялары 13-16% және одан да жоғары құрайтын мұнай химиясының базалық компоненті болып табылатын өндірілген газды утилизациялауға тура келеді. Мұнаймен бірге жер қабаттарынан өндірілетін көмірсутектердің газ түріндегі бөлігі мұнай химиясы кәсіпорындарына қажет түрлі фракцияларға бай шикізат болып табылады. Этиленді этаннан алу технологиялық тұрғыдан да, экономикалық жағынан да тиімді, мысалы 1 тонна этиленді алу үшін қазіргі технологиялық процестерде 1,25-1,3 тонна этан қажет. Салыстыру үшін, 1 тонна этиленді алу үшін 3 тоннадан артық бензин қажет екенін атап көрсетуге болады, ал бұл мақсат үшін пропанның шығыны 1,8-2,0 тонна. Ары қарай алынған этилен мұнай химиясы өнімдерінің кең спектрін өндіруге қолданылады.

Зерттеу нәтижесінде Қазақстанда мұнай химиясы кластерін қалыптастырудың көптеген объективті және субъективті алғышарттар анықталып, принциптік схемасы ұсынылған (1-сурет).

Көмірсутек шикізаттары, оның сұйық немесе газ түріндегі физикалық жағдайына байланысты, өнеркәсіптің жақсы дамыған мұнай өңдеу және мұнай химиясы салалары жағдайында өнімнің көптеген түрлері шығатын пайдалы қазбалардың бірегей түрі болып саналады, технологиялық позициядан оның түрлі фракцияларынан қажетті өнімдер алу күрделі емес, олардан дайын өнім алу үлкен экономикалық тиімділікке қол жеткізеді.

Соңғы бірнеше жылдар бойы Ақтау, Атырау қалаларындағы мұнай химиясы кәсіпорындары шикізат жеткізушілерге толықтай тәуелді болып отыр. Жоғары-технологиялық пластмасс зауытында (Ақтау қ.) Ресей мен Украинадан келетін этандық өнімдер мен бензолдың жеткізіл-

меуіне байланысты қазіргі жағдайда толықтай жүктелмеуде.

Көмірсутек шикізаттарын кешенді қолданудың қарастырылған жолдары шикізатты әлемдік нарыққа шығару әлемдік конъюнктура қандай тиімді болса да

қиын жағдайларға алып келуі мүмкін. Мұнай бағасы оны өндіру тиімсіз болатын деңгейге дейін түсіп кетуі мүмкін, оның үстіне мұнайды тұтыну орындарына жеткізу үшін де айтарлықтай үлкен тариф алынатыны белгілі.



1-сурет. Мұнай химиясы кластерін қалыптастырудың принциптік схемасы*

*Авторлармен құрастырылған

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде мұнай-газ өндірісінің тиімділігі шикізатты терең өңдеу арқылы сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттілігі жоғары және ішкі нарықта отандық мұнай химиясы кәсіпорындарына аса қажетті тауарлық өнімдерді өндіргенде ғана артатыны туралы қорытынды жасауға болады. Сондықтан, республиканың перспективасы Атырау аймағында бірінші кезекте мұнай мен газды терең

өңдеумен байланысты, ол үшін қазірден бастап мұнай өндіру аймақтарына жақын маңда мұнай химиясы кешенін салу керек, бұл саланың басымды бағыт екенін тұжырымдау қажет.

Кластерлерді құру жеке алған өндіріс саласының даму процесін қарқындатады, инновациялық жобаларды құру және өндіруді тездетеді және әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілікті арттырады.

Атырау облысының Аймақтық даму стратегиясында облыс экономикасының даму шарттары мен талдаудың алғы бас-тамалары негізінде өңірдің инновациялық кәсіпкерлігін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін, дамуына отандық және шетелдік ғылыми потенциалды бағыттауды қажет ететін, бәсекеге қабілетті бола алатын негізгі үш сала анықталған. Олар: 5-6 бөліністі ғылыми сыйымды өнімді кең ауқымда алу мақсатында мұнай және газды терең өңдеу; мұнай химиясы бойынша қуаттылықты арттыру; құрылыс индустриясы кәсіпорындарының қуаттылығын және балық өңдеу мен өсіру қуаттылықтарын дамыту. Бұл салалардың ішінде негізгісі ретінде және мұнай химиясы саласына мамандарды тартудың белгіленген басымдылық бағыттары бойынша қазіргі уақытта мұнай химиясы аймақтық кластері құрамы мен құрылымы бойынша ұсыныстар өңделген.

Мұнай химиясы кластерінің тиімді жұмысы үшін мынадай шараларды жүзеге асыру қажет:

- мұнай химиясы кластерінің өнімдері сапа көрсеткіштерінің жүйесін құру және ол талаптардың орындалуына жағдай жасау;
- облыс, республика, әлемдік нарықтарда жергілікті өндірушілердің дайын өнімдерінің өту арналарын қадағалау жүйесін құру;
- өнеркәсіп кәсіпорындарының тиімді және диверсификацияланған сыртқы экономикалық байланыстарын орнату;
- ішкі нарықты мұнай химия тауарларымен барынша қанағаттандыруды қамтамасыз ету;
- өнеркәсіптің басқа салаларын жергілікті мұнай химиясы шикізатына бейімдеу және өзіндік шикізат базасымен қамтамасыздандыруға жету;
- мұнай химиясы шикізаты негізінде халық тұтынатын тауарлар шығарылатын кіші және орта бизнесті дамытуды жылдамдату.

Мұнай химиясы кластерін қалыптастыру мүмкіндігі мен экономикалық тиімділікке жетудің төмендегідей факторлар тобын атап көрсетуге болады.

Факторлардың бірінші тобы потенциалды ресурстық және технологиялық алғышарттардың өзара байланысымен анықталады: мұнай химиясы үшін Қазақстанның ауыр парафинді күкіртті мұнайы ең жақсы шикізат болып табылады; мұнай химиясы кластерінің технологиялық өзара байланысы ескеріледі; көмірсутек шикізаттарын өндіру мен өңдеудің қолданыстағы инфрақұрылымын қолдана отырып, жаңа өндірістерді құруға болады.

Факторлардың екінші тобы өнімге әлемдік сұраныс барлығымен және халықаралық еңбек бөлуде эквивалентті айырбастауды қамтамасыз етумен анықталады. Халықаралық нарықтағы мұнай химиясы өнімдеріне деген сұранысты талдау Қазақстанда экономикалық тұрғыдан алғанда полиэтилен, полипропилен, стирол мен полистирол, этиленгликол мен бензолды өндіретін базалық мұнай химиясы өндірісін құрған ең тиімді болатынын көрсетті.

Факторлардың үшінші тобы кезіндегі мұнай химиясы кәсіпорындарының жұмысын қалпына келтіруді белсендіру, оларды дамыту мүмкіндігімен анықталады.

Факторлардың төртінші тобы салалардың жоғары пайдасын қамтамасыз етуге түрткі болған себептермен анықталады. Көмірсутек шикізаттарының меншікті базасы, импорттың орнына ішкі нарықты жоғарытехнологиялық және ғылыми сыйымды өнімдермен қамтамасыз ету, ақырғы өнімді экспортқа шығаруды кеңейту мақсатымен шикізатты терең өңдеуді қамтамасыз ететін мұнай химиясы кешені мен кластерін қалыптастыруды талап етеді.

Факторлардың бесінші тобы жоғары бәсекелестік елдер қатарына ену үшін еліміздің экономикасын диверсификациялау стратегиясымен анықталады. Бұл

Қазақстанда мұнай химиясы кластерін құру үшін негіз болатын ақырғы өнімді шығаратын өндірістер тізбегін құруды талап етеді. Инновациялық мұнай химиясы кластерінің дамуы экономиканы диверсификациялаудың, шикізаттық емес, ғылыми сыйымды

және жоғарытехнологиялық өндірісті құрудың шешуші факторы болуы мүмкін.

Қазақстанда мұнай химиясы өндірісі мен кластерін дамытуға қажетті отандық шикізат ресурстарын құру 1-кестеде талданған инвестициялық жобаларға негізделген.

1-кесте

Атырау облысы бойынша инвестициялық мұнай химиясы жобалары*

Жоба атауы	Шикізат	Өнім
Атырау облысындағы газ-химиялық кешен	Газ (Теңіз кен орны)	Полиэтилен, полипропилен
Атырау МӨЗ ароматикалық көмірсутектер өндіру кешені	Атырау МӨЗ бензиндік фракциялары	Бензол, параксиллол
Бензол мен параксиллол негізінде мұнай химиясы кешені	Бензол, параксиллол	Этилбензол (ЭБ), Этиленгликоль (ЭГ), Полиэтилентерефталат (ПЭТФ)
Ақтау пластмасс зауытын диверсификациялау	Этилбензол	Полистирол

* [7] ақпарат көзі деректері бойынша құрылған

Қорытынды. Жоғарыда мазмұндалған зерттеу нәтижелері бойынша келесі қорытынды жасауға болады: Қазақстан Республикасында мұнай химиясы өнімдерін өндіру басымды бағыт ретінде, ең маңызды және стратегиялық сала ретінде қабылдануы керек. Кластерлік стратегияны және экономикалық бәсекеге қабілеттілігін толықтай жүзеге асыру үшін импортты ауыстыру кезеңінен мұнай химиясы саласын кең көлемде инвестициялау және мұнай химиясы кластерін құру кезеңіне өтуге бағытталған үкімет саясаты қажет. ҚР-ның ұлттық экономикасының даму стратегиясына, шикізат ресурстары ретінде қазіргі кезде қолданыстағы кен орындары мен болашақта игерілетін перспективті кен орындарынан алынатын мұнай, табиғи және ілеспе газ қолданатын ірі мұнай химиясы өндірісін және мұнай химиясы кластерін құруға негізделген. Алынған нәти-

желер жаңашылдықтарымен сипатталады.

Зерттеу барысында мұнай химиясы кластерін қалыптастыру және дамыту сұрақтары талданған, оның нәтижесінде бұл кластерді тездетіп қалыптастыру үшін көптеген объективті және субъективті алғышарттардың бар екені анықталды. Аймақ экономикасының даму жағдайлары мен алғышарттарын талдау негізінде мұнай химиясы саласы негізгі бәсекеге қабілетті сала ретінде анықталды. Бұл саланы дамыту үшін Атырау облысында инновациялық кәсіпкерлікті жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін, отандық және шетелдік ғылыми потенциалды бағыттау, қолдану қажет. Сонымен, жұмыстың мақсаты мен міндеттері орындалған және зерттеу нәтижелері Атырау өңірінде мұнай химиясы кластерін дамыту барысында қолданылуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Куандыкова А.А. Эффективность кластерных образований в Республике Казахстан (на примере нефтехимии). Автореф. диссер. на соиск. уч. степ. канд. экон. наук. – Алматы, 2009. – 29 с.
2. Оразбаева К.Н. Перспектива и эффективность создания нефтехимического кластера в Атырауской области // 7-межд. МННПК «Научно-технологическое развитие нефтегазового комплекса». – Алматы, 2009. – С.399-404.
3. Первушина А.С. Зарубежный опыт развития нефтехимических кластеров // Вестник Самарского гос.экономического университета. – 2015. – № 1. – С. 42-47.
4. Espaev S.S., Kireyeva A.A. Concept for formation and development of prospective national clusters: Monograph / S.S. Espaev, A.A. Kireyeva. – Almaty, 2013. – 234 p.
5. Сармурзина Р.Г., Оразбаева К.Н. Қазақстанда мұнай химиясы өндірісін қалыптастыру және дамыту мәселелері // Оңтүстік Қазақстан ғылымы мен білімі. Республикалық ғылыми журнал. – 2009. – №6. – Б. 114-117.
6. Zhu Bin He Qing. A Study of Problems and Solutions of Fujian Petrochemical Industrial Cluster. Proceedings of the 5-th International Symposium on Management of Technology, 2007. – P.1565-1568.
7. Сармурзина Р.Г. Нефтехимические производства в Казахстане // Журнал Нефть и газ. – 2007. – №3. – С.104-107.
8. Melnik A.N., Dyrdonova A.N. Infrastructural support for development of the territorial petrochemical cluster // Mediterranean Journal of Social Sciences. – 2018. – Vol.5. – P. 299-304.
9. Козлов М.В. Формирование кластера как эффективного инструмента повышения конкурентоспособности экономики Казахстана // Вестник КазНУ. Сер. Экономика. – 2017. – №6. – С. 91-101.
10. Сыздыкова А.О., Танрыовен Ж., Омарова А.И., Мунасипова М.Е. Мұнай бағасына әсер ететін факторларды зерттеу // Вестник КазУЭФМТ. – 2020. – №3. – С. 114-122.
11. Buzurtanova E.S., Smirnova V.A. Problems and prospects of petrochemical clusters formations in Russia // Journal of Oil, Gas, Business. – 2010. – №11. – С. 13-25.

REFERENCES

1. Kuandykova A.A. Effektivnost' klasternykh obrazovaniy v Respublike Kazakhstan (na primere neftekhimii) [Efficiency of cluster formations in the Republic of Kazakhstan (on the example of petrochemistry)]. Avtoref. dissertatsii na soiskaniye uch.stepeni kandidata ekonomicheskikh nauk. – Almaty, 2009. – 29 s. [in Russian].
2. Orazbayeva K.N. Perspektiva i effektivnost' sozdaniya neftekhimicheskogo klastera v Atyrauskoj oblasti [Prospects and efficiency of creating a petrochemical cluster in the Atyrau region] // 7-mezhd. MNNPK «Nauchno-tehnologicheskoye razvitiye neftegazovogo kompleksa». – Almaty, 2009. – S.399-404 [in Russian].
3. Pervushina A.S. Zarubezhnyy opyt razvitiya neftekhimicheskikh klasterov [Foreign experience in the development of petrochemical clusters] // Vestnik Samarskogo gos.ekonomicheskogo universiteta. – 2015. – № 1. – S. 42-47 [in Russian].
4. Espaev S.S. Concept for formation and development of prospective national clusters: Monograph / S.S. Espaev, A.A. Kireyeva. – Almaty, 2013. – 234 p.
5. Sarmurzina R.G., Orazbayeva K.N. Kazakstanda mynay khimiyasy ondirisin kalypastyru zhane damyту maseleleri [Problems of formation and development of petrochemical

production in Kazakhstan] // *Ontystik Kazakstan gylymy men bilimí. Respublikalyk, gylymi zhurnal.* – 2009. – №6. – 114-117 [in Kazakh].

6. Zhu Bin He Qing. A Study of Problems and Solutions of Fujian Petrochemical Industrial Cluster. Proceedings of the 5-th International Symposium on Management of Technology. – 2007. – P.1565-1568.

7. Sarmurzina R.G. Neftekhimicheskiye proizvodstva v Kazakhstane [Petrochemical production in Kazakhstan] // *Zhurnal Neft' i gaz.* – 2007. – №3. – S.104-107 [in Russian].

8. Melnik A.N., Dyrdonova A.N. Infrastructural support for development of the territorial petrochemical cluster // *Mediterranean Journal of Social Sciences.* – 2018. – Vol.5. – P. 299-304.

9. Kozlov M.V. Formirovaniye klastera kak effektivnogo instrumenta povysheniya konkurentosposobnosti ekonomiki Kazakhstana [Formation of a cluster as an effective tool for increasing the competitiveness of the economy of Kazakhstan] // *Vestnik KazNU. Ser. Ekonomika.* – 2017. – №6. – S. 91-101 [in Russian].

10. Syzdykova A., Tanrioven C., Omarova A., Munassipova M. Investigation of the factors affecting oil price // *Vestnik KazUEFIT.* – 2020. – №3. – S. 114-1221 [in English].

11. Buzurtanova E.S., Smirnova V.A. Problems and prospects of petrochemical clusters formations in Russia // *Journal of Oil, Gas, Business,* – 2010. – №11. – S. 13-25.

Д.М. Турекулова, Б.Т. Бейсенғалиев, К.Н. Оразбаева, Г.С. Еркулова

**ВАЖНОСТЬ И ПЕРСПЕКТИВЫ КЛАСТЕРНОГО ПОДХОДА
В РАЗВИТИИ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА**

Аннотация

В научной статье рассматривается важность и перспективы использования кластерного подхода для развития экономики Казахстана в условиях глобализации. Результаты проведенных исследований обоснованы необходимостью создания производственных кластеров с целью повышения конкурентоспособности каждой отрасли и региона в условиях современной рыночной экономики. В Атырауской области, являющейся нефтяным регионом Казахстана необходимо создание нефтяного кластера, который позволит дальнейшее развитие и диверсификацию нефтегазовой отрасли, которая вносит значительный вклад в экономику страны.

В работе проанализированы нефтеперерабатывающие и химические предприятия, являющиеся основой формирования и развития нефтехимии в Казахстане; ресурсы, необходимые для создания нефтехимического кластера в Атырауской области, проанализированы основные показатели и меры, которые должны быть реализованы для эффективной работы нефтехимического кластера; определены группы факторов для достижения экономической эффективности; обоснованы возможности и эффективность формирования нефтехимического кластера в Атырауской области.

Для полноценной реализации кластерной стратегии и экономической конкурентоспособности сделаны выводы о необходимости совершенствования государственной политики импортозамещения, которая направлена на масштабные инвестиции в нефтехимическую отрасль, формирование и развитие нефтехимического кластера. Для развития нефтехимической отрасли Атырауской области показана необходимость использования отечественного и зарубежного научного потенциала, что позволит поднять инновационное предпринимательство на новый уровень.

D. Turekulova, B. Beisengaliyev, K. Orazbayeva, G. Erkulova

**THE IMPORTANCE AND PROSPECTS OF THE CLUSTER APPROACH
IN THE DEVELOPMENT OF THE ECONOMY OF KAZAKHSTAN**

Annotation

The scientific article examines the importance and prospects of using the cluster approach for the development of the economy of Kazakhstan in the context of globalization. The results of the research substantiated the need to create industrial clusters in order to increase the competitiveness of each industry and region in a modern market economy. In the Atyrau region, which is the oil region of Kazakhstan, it has been created, which allows further development and diversification of the oil and gas industry, which makes a significant contribution to the country's economy.

The paper analyzes oil refining and chemical enterprises, which are the basis for the formation and development of petrochemistry in Kazakhstan; resources required to create a petrochemical cluster in the Atyrau region, analyzed the main indicators and measures that must be implemented for the effective operation of the petrochemical cluster; identified groups of factors to achieve economic efficiency; the possibilities and effectiveness of the formation of a petrochemical cluster in the Atyrau region have been substantiated.

For the full implementation of the cluster strategy and economic competitiveness, conclusions have been drawn about the need for state policy, which is aimed, from the period of import substitution, at large-scale investments in the petrochemical industry, the formation and development of a petrochemical cluster. For the development of the petrochemical industry in the Atyrau region, it is shown the need to direct and use the domestic and foreign scientific potential, which will raise innovative entrepreneurship to a new level.

